

Қорықшы төсбелгісінің және балық шаруашылығы субъектілерінің айырым белгілері бар арнайы киімінің нысанын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2025 жылғы 22 тамыздағы № 257 бұйрығы

"Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің кейбір мәселелері" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 6 сәуірдегі № 310 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі туралы ереженің 15-тармағының 508-54) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Мыналар:

- 1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес қорықшы төсбелгісінің нысаны;
- 2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес балық шаруашылығы субъектілерінің айырым белгілері бар арнайы киімінің нысаны бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Балық шаруашылығы комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың электрондық көшірмесін Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберілуін;

2) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің ресми интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылығы вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министр

А. Сапаров

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы
министрінің
2025 жылғы 22 тамыздағы
№ 257 бұйрығына
1-қосымша

Қорықшы төсбелгісінің нысаны*



Ескертпе:

*Қорықшы төсбелгісі мырыш, алюминий және мыс қорытпасынан құю әдісімен мөлшері 72х56 миллиметр қалқан түрінде дайындалады. Төсбелгінің контуры кейіннен алтын түсті гальванмен көмкеріле отырып ені 3 миллиметр қатпарлау тәсілімен жасалады.

Жоғарғы жағында ортада "ҚОРЫҚШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТ" деген алтын түсті жазу орналастырылған (әріптің биіктігі – 5 миллиметр, ені – 1 миллиметр).

Қалқанның төменгі бөлігінің ортасында төсбелгінің жеке нөмірін жазу үшін мөлшері 35х9 миллиметр алтын түсті тікбұрышты алаңша орналасқан. "№" белгісі мен нөмірдің цифрлары қысып өрнектеу тәсілімен жасалады және қара эмальмен көмкеріледі.

Төсбелгінің ортасында Қазақстанның алтын түстес күн шапағы шашылған картасының жасыл контуры бейнеленген, картаның фонында алтын түсті бекіре

бейнеленген. Белгі көгілдір эмальмен көмкерілген (Қазақстан Республикасы жалауының түсі).

Төсбелгінің арт жағында бекітпе бар.

Төсбелгі қорықшының айырым белгілері бар арнайы киімінің кеуде тұсының сол жағына тағылады.

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы
министрінің
2025 жылғы 22 тамыздағы
№ 257 бұйрығына
2-қосымша

Балық шаруашылығы субъектілерінің айырым белгілері бар арнайы киімінің нысаны

1. Қорықшының айырым белгілері бар теңбіл түсті (қорғаныштық түс) арнайы киімі мыналардан тұрады:

- 1) жазғы жиынтық: жеңіл күрте, шалбар, кепкі, қара түсті бәтеңке мен туфли;
- 2) қысқы жиынтық: жылы күртелер, шалбарлар, құлақшын, қара түсті аяқ киім (етік, пима, унт).

2. Күртелердің жағасы қайырмалы, ілмектер мен айырым белгілері тігілген. Күртенің сол жақ жеңінде иық тігісінен 120 миллиметр төмен шеврон тігіледі (немесе бекітіледі).

3. Айырым белгілерінің, ілмектердің, эмблеманың, шевронның және бас киім кокардасының техникалық сипаттамасы осы Нысанға қосымшада көрсетілген.

Балық шаруашылығы
субъектілерінің айырым
белгілері бар арнайы киім
нысанына қосымша


Айырым белгілерінің, ілмектердің, эмблеманың, шевронның және бас киім кокардасының техникалық сипаттамасы

Айырым белгілері



Айырым белгілері мырыш, алюминий және мыс қорытпасынан құю әдісімен жасалады, содан кейін алтын түсті гальваникалық жабын жасалады. Айырым белгілері өлшемдері 22х6 миллиметр бедерленген төртбұрыш түрінде жасалады. Төртбұрыштардың артқы жағында ортада сым бекітпе бар.

Ілмектер



Аға қорықшының ілмектері параллелепипед түрінде қою-жасыл барқыттан жасалады, өлшемдері 95х38х95х38 миллиметр, жиектері алтын түсті жіппен тігілген. Ілмектің жоғарғы жағында қорықшының эмблемасы орналасқан. Ілмектің ортасында өлшемдері 22х6 миллиметр болатын екі бедерленген төртбұрыш орналасқан.

Қорықшының ілмектері параллелепипед түрінде қою-жасыл барқыттан жасалады, өлшемдері 95х38х95х38 миллиметр, жиектері алтын жіппен тігілген. Ілмектің жоғарғы жағында қорықшының эмблемасы орналасқан. Ілмектің ортасында өлшемдері 22х6 миллиметр болатын бір бедерленген төртбұрыш орналасқан.

Эмблема



Эмблема мырыш, алюминий және мыс қорытпасынан құйма әдісімен жасалады, кейін алтын түсті гальваникалық жабынмен көмкеріледі, өлшемдері 22х19 миллиметр.

Эмблема жарты шеңбер емен гүлшоғыры түрінде жасалады, төменгі жағынан лентамен тартып байланған. Эмблеманың ортасында жасыл фонда бекіре бейнеленген өлшердері 14x16 миллиметрлік қалқан орналасқан. Эмблеманың арт жағында ортада сым бекітпе бар.

Шеврон



Қорықшының арнайы киімінің жеңіндегі шеврон тығыз матадан жасалады және сопақша пішінді болады. Шевронның сыртқы диаметрі 85 миллиметр, ішкі диаметрі 65 миллиметр.

Сыртқы және ішкі диаметрлер арасында мемлекеттік тілде сары түспен жазылған балық шаруашылығының атауы орналастырылады. Шевронның ортасында сары фонда қалқан түріндегі қорықшының эмблемасы орналасқан. Эмблеманың жоғарғы бөлігінің ортасында сары түсті "Қорықшылық қызмет" деген жазу орналасқан. Эмблеманың ортасында алтын түстес күн шығатын Қазақстан картасының жасыл контуры, ал картаның фонында алтын түсті бекіре бейнеленген.

Бас киімнің кокардасы



Бас киімнің кокардасы мырыш, алюминий және мыс қорытпасынан құю әдісімен дайындалады, кейін алтын түсті гальваникалық жабынмен көмкеріледі.

Бас киімнің кокардасы 55х43 миллиметр өлшемдерде жасалады және көлденең сопақ пішінді болады. Бас киімнің кокардасының ортасында өлшемдері 29х34 миллиметр болатын тік сопақ розетка орналасқан. Розетканың ортасында (өлшемдері 17х21 миллиметр) сопақшаны екі тең бөлікке бөлетін алтын түсті сегіз бұрышты, созылған жұлдыз орналасқан. Сопақшаның сол жағы жасыл эмальмен, оң жағы көк эмальмен көмкерілген. Сопақ розетканың жиегінің үстіңгі беті сәуле шашқан алтын түспен бедерленген. Розетка екі жағынан да, әрбір жағына бес данадан алтын жалатқан лавр бұтақтарымен жиектелген. Кокарданың төменгі бөлігіндегі лавр бұтақтары лентамен тартылған.

Кокарданың арт жағында ортасында сым бекітпе бар.